



Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 10 желтоқсан N 1732.
Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1999.05.20. N 592 қаулысымен. ~P990592

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі туралы ереже бекітілсін.
2. "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 сәуірдегі N 689 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 10 желтоқсандағы
N 1732 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі
туралы
ЕРЕЖЕ

МИССИЯСЫ

Премьер-Министрдің Қазақстан Республикасы Үкіметінің қызметін ұйымдастыру жөніндегі тиімді жұмысы үшін жағдай жасау және Үкімет шешімдерін дайындауды ұйымдастырушылық қамтамасыз ету.

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Премьер-Министрдің Кеңесі Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі мен Үкіметінің қызметін ұйымдастыру, құқықтық, ақпараттық-талдамалық, консультативтік және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

2. Премьер-Министрдің Кеңесі өз қызметін Республиканың Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің және Премьер-Министрінің актілерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламентін және осы Ережені басшылыққа ала отырып жүзеге асырады.

3. Премьер-Министрдің Кеңесі заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік және орыс тілдерінде өзінің атауы жазылған мөрі болады.

4. Премьер-Министрдің Кеңесі туралы ережені, сондай-ақ оның құрылымды мен штаттық санын Республиканың Үкіметі бекітеді.

II. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ КЕҢЕСІНІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

5. Премьер-Министрдің Кеңесі мынадай негізгі функцияларды:

- Үкіметтің Регламентінің сақталуын қамтамасыз етуді;
- Үкіметтің мәжілістерінде қарауға арналған мәселелердің тоқсан сайынғы тізбесін дайындауды;
- Үкімет мәжілісі күн тәртібінің жобасын жасауды;
- министрліктер, мемлекеттік комитеттер, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдар дайындаған Үкіметтің қаулылары мен Премьер-Министрдің өкімдерінің жобаларын сараптауды;
- Республика Үкіметі енгізетін заңдар мен Қазақстан Республикасының Президенті актілерінің жобаларын сараптауды;
- Үкіметтің мәжілістерінде қол қойылған қаулыларды шығаруды;
- оларды Үкіметтің мәжілісінде қараған кезде келіспеушілік пайда болған және оларды жою жөнінде тапсырма берілген жағдайларда Үкімет қаулыларының жобаларын пысықтауға қатысуды;
- Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне Президенттің, Үкіметтің және Премьер-Министрдің актілерінің орындалу барысы туралы жүйелі түрде хабарлап отыруды;
- Премьер-Министрге тиісті жылға арналған Үкіметтің іс-қимыл бағдарламасы мен Заң жобасы жұмыстарының жоспары жөніндегі шаралардың орындалуы туралы ай сайын хабарлап отыруды;

Президенттің, Үкіметтің, Премьер-Министрдің актілерінің атқарылу мерзімдеріне бақылауды жүзеге асыруды;

Үкімет пен оның Төралқасының мәжілістерін, халықаралық кездесулер мен сапарларды және Премьер-Министр мен оның орынбасарлары өткізетін басқа да шараларды ақпараттық-талдамалық, құқықтық, ұйымдастырушылық, консультативтік және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді;

Премьер-Министр мен оның орынбасарлары үшін Республиканың жай-күйі мен әлеуметтік-экономикалық дамуын сипаттайтын материалдар дайындауды;

Премьер-Министрдің бұқаралық ақпарат құралдарымен байланысын қамтамасыз етуді;

Премьер-Министр мен Үкіметтің қызметін құқықтық қамтамасыз етуге және өзге де мәселелерді шешуге қатысуды;

Қазақстан Республикасының заңдарын сақтауды, жүйелендіруді және кодтандыруды;

Республиканың Үкіметі тағайындайтын лауазымдардың тізбесіне кіретін кадрлардың сапалық құрамы мен қозғалысына талдау жүргізуді; кадрларды оқытуды, даярлауды және қайта даярлауды ұйымдастыруды;

Премьер-Министр мен Үкіметтің қызметін құжаттамалық қамтамасыз етуді және қызмет көрсетуді, іс қағаздарын жүргізуді;

мемлекеттік, орыс және басқа да тілдердің жұмыс істеуін қамтамасыз етуді;

қызметтік құжаттарды қарауды;

азаматтар мен заңды тұлғалардың өтінімдерін қарауды;

азаматтарды қабылдауды ұйымдастыруды жүзеге асырады.

III. ПРЕМЬЕР-МИНИСТР КЕҢСЕСІНІҢ ӨКІЛЕТТІГІ

6. Премьер-Министр Кеңсесінің өзінің функцияларын жүзеге асыру үшін, өз құзыреттерінің шегінде:

мемлекеттік органдардың қолында бар кез-келген, оның ішінде құпия, ақпараттық деректердің банкін пайдалануға;

мемлекеттік және мемлекеттік емес органдармен және ұйымдармен Премьер-Министр Кеңсесінің жүргізуге қатысты мәселелер бойынша қызметтік жазбалар алмасуды жүргізуге;

министрліктер, мемлекеттік комитеттер, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдар дайындаған заңдардың Қазақстан Республикасының Президенті актілерінің, Үкіметтің қаулыларының және Премьер-Министрдің өкімдерінің жобаларына сараптауды жүзеге асыруға;

оларды Үкіметтің мәжілістерінде қараған кезде келіспеушілік пайда болған және оларды жою жөнінде тапсырма берілген жағдайларда Үкіметтің қаулыларының жобаларын пысықтауға қатысуға;

Президенттің актілерінің, Үкіметтің қаулыларының, Премьер-Министрдің өкімдерінің атқарылуына тексеру жүргізуге қатысуға;

Президенттің, Үкіметтің, Премьер-Министрдің актілерінің атқарылу мерзімдеріне бақылау жасауды жүзеге асыруға;

министрліктер, мемлекеттік комитеттер, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдар алқаларының мәжілістеріне қатысуға құқығы бар.

7. Премьер-Министр Кеңсесінің мемлекеттік органдардың қажетті материалдарды, хабарламаларды ұсынуы жөніндегі талабы, егер тапсырмада басқа атқару мерзімдері белгіленбесе, заңдарда белгіленген мерзімдерде атқарылуға жатады.

IV. ПРЕМЬЕР-МИНИСТР КЕҢСЕСІНІҢ БАСШЫЛЫҒЫ

8. Премьер-Министрдің Кеңсесін Үкіметтің мүшесі болып табылатын, Премьер-Министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметінен босататын Кеңсенің Басшысы басқарады.

9. Кеңсе Басшысының Премьер-Министрдің Кеңсесі Басшысының ұсынуы бойынша Үкімет қызметке тағайындайтын және қызметінен босататын екі орынбасары болады.

10. Кеңсенің Басшысы мынадай негізгі функцияларды орындайды:
орынбасарларының міндеттерін айқындайды;
Премьер-Министрдің Кеңсесі туралы ережені Үкіметтің бекітуіне ұсынады;
Кеңсенің штаттық кестесін бекітеді, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің қарауына Кеңсенің жауапты қызметкерлерін тағайындау және босату туралы ұсыныс енгізеді, Премьер-Министрге жеке лауазымдық жалақылар мен Кеңсе қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу туралы ұсыныс енгізеді;

Кеңсенің бөлімдері мен басқа да құрылымдық бөлімшелеріне жалпы басшылық пен олардың қызметтерін үйлестіруді жүзеге асырады;

Кеңседегі ішкі еңбек тәртібінің ережесін бекітеді;

Премьер-Министр Кеңсесінің шығыстар сметасын бекітеді және оның

шегінде қаржы қаражатына билік етеді;

Премьер-Министрдің Кеңесі бойынша бұйрықтар шығарады және нұсқаулықтарды бекітеді;

Премьер-Министрдің Кеңесінің Президенттің Әкімшілігімен, Республика Парламенті Палаталарының Аппараттарымен, министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен, өзге де орталық, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимылын ұйымдастырады;

Үкімет пен оның Төралқасының мәжілістерін ұйымдастырушылық, құқықтық, консультативтік, материалдық-техникалық дайындау мен өткізуді қамтамасыз етеді;

Үкімет қаулыларының жобаларына, Үкімет енгізетін Президент актілерінің жобаларына, Үкіметтің мәжілісіне енгізілетін заң жобаларына, сондай-ақ Үкімет мәжілістерінің хаттамаларына виза қояды;

Үкімет қаулыларының жобасын әзірлеу кезінде мемлекеттік органдардың арасында пайда болған келіспеушіліктерді жою үшін кеңес ұйымдастырады;

Премьер-Министрге заңдардың, Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық актілерінің, Үкіметтің қаулыларының, Премьер-Министрдің өкімдерінің жобаларын, басқа да құжаттар мен материалдарды ұсынады;

Президент актілерінің, Үкімет шешімдерінің, халықаралық келісімдердің, Президенттің, Премьер-Министрдің және оның орынбасарларының тапсырмаларының атқарылуына олардың орындалу барысы туралы Премьер-Министрге жүйелі түрде хабарлай отырып бақылау жасау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Үкіметтің атына түскен арыздар мен өтінімдерді тиісті мемлекеттік органдарға жолдайды;

Премьер-Министрге Үкіметтің тиісті жылға арналған Іс-қимыл жоспары мен Заң жобалары жұмыстарының жоспары жөніндегі шаралардың орындалуы туралы ай сайын хабарлап отырады;

өз құзыретінің шегінде тапсырманы бақылаудан алуға не оны атқаруды кейінге қалдыру туралы шешім қабылдауға рұқсат береді;

Премьер-Министр Кеңесінің құрылымдық бөлімшелері туралы ережені бекітеді;

Премьер-Министрдің Кеңесіне техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ететін Кеңесінің қызметкерлерін және ведомстволық бағыныстағы ұйымдастырдың басшыларын жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

Премьер-Министрдің Кеңесі құзыретінің шегінде қызметтік құжаттамаға қол қояды;

өзіне Республика Премьер-Министрі мен Үкіметі жүктеген басқа да функцияларды орындайды.

11. Премьер-Министрдің Кеңесі Басшысының:

министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдарға Үкіметтің қарауына енгізілетін мәселелерді әзірлеу және келісу жөнінде нұсқау беруге;

министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың Үкіметтің шешімдерін дайындау жөніндегі жұмысын үйлестіруге;

министрліктерден, мемлекеттік комитеттерден, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардан, ұйымдардан Үкімет үшін қажетті материалдарды, заңдардың Президент актілерінің, Үкімет қаулыларының, Премьер-Министр өкімдерінің орындалуы туралы ақпарат сұратуға және оларға атқарылуы міндетті тапсырмалар беруге;

меншік нысандарына қарамастан ұйымдардан құжаттарды, Үкіметтің құзыретіне қатысты мәселелер бойынша өзге де материалдарды қоса алғанда қажетті ақпараттар сұратуға;

олар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келмеген және Қазақстан Республикасының Үкіметі Регламентінің талаптарын бұзу арқылы ұсынылған жағдайда заңдардың, Республика Президенті актілерінің, Республика Үкіметі қаулыларының және Премьер-Министрі өкімдерінің жобаларын министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдарға қайтаруға;

министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің тиісті жылға арналған республикалық бюджетте көзделмеген қосымша қаржыландыру мәселелері не жеке салық, кеден және басқа да жеңілдіктер беру жөніндегі өтінімдерін тіркеместен қайтаруға;

отандық және шетелдік ұйымдармен Үкімет пен Премьер-Министр Кеңесінің қызметін қамтамасыз ету мәселелері жөнінде шарттар (келісім-шарттар) жасасуға құқығы бар.

V. ПРЕМЬЕР-МИНИСТР КЕҢСЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

12. Премьер-Министрдің Кеңесіне жүктелген функцияларды орындау үшін оның құрамында бөлімдер және басқа да құрылымдық бөлімшелер құрылады.

13. Премьер-Министр Кеңесінің құрылымдық бөлімшесі осы Ереженің

негізінде, сондай-ақ Премьер-Министр Кеңесінің Басшысы бекітетін бөлімдер және басқа да құрылымдық бөлімшелер туралы ережелердің негізінде қызмет істейді.

Бөлімдердің қызметкерлері құзыреттеріне сәйкес не Премьер-Министрдің Кеңесі Басшысының тапсырмасы бойынша Үкімет енгізетін заңдардың, Президент актілерінің, Үкіметтің қаулыларының және Премьер-Министр өкімдерінің жобаларын шығару үшін жауапты болып табылады.

14. Бөлімдердің және басқа да құрылымдық бөлімшелердің басшыларын, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілер болып табылатын Кеңесінің басқа да қызметкерлерін (бұдан әрі - жауапты қызметкерлер) Премьер-Министрдің Кеңесі Басшысының ұсынуы бойынша Республиканың Үкіметі қызметке тағайындайды және қызметінен босатады.

15. Премьер-Министр Кеңесінің бөлімдері мен басқа да құрылымдық бөлімшелерінің басшылары олар басқаратын бөлімдер мен басқа да бөлімшелерге жүктелген міндеттердің уақтылы және толық орындалуы, Кеңесінің Басшысы мен оның орынбасарлары тапсырмаларының уақтылы және толық атқарылуы үшін жауаптылықта болады, қызметкерлерді тағайындау, орнын ауыстыру және босату туралы ұсыныс енгізеді, қызметкерлердің арасында міндеттерді бөледі.

16. <*>

ЕСКЕРТУ. 16-тармақтың күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.04.07. N 295 қаулысымен. P980295_